

"Астана халықаралық әуежайы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 5 желтоқсандағы N 1570 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.04.18. N 369 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2001 жылға арналған Индикативтік жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 қыркүйектегі N 1398 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған "Астана халықаралық әуежайы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 1 ж ы л ғ ы

5

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 1570 қаулысымен бекітілген

"Астана халықаралық әуежайы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған жоспары

КІРІСПЕ

Осы жоспарды "Астана халықаралық әуежайы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - "АХӘ" РМК):

- ұшақтардың ұшу санын көбейту;
- клиенттерге қызмет көрсету сапасын жақсарту;
- әуежайдың техникалық және экономикалық әлеуетін арттыру;
- ұшулар қауіпсіздігін арттыру бағыттары бойынша әлеуметтік-экономикалық орта мерзімді бағдарларды белгілеу мақсатында дайындады.

Осы жоспар төрт бөлімнен тұрады:

I-бөлім қаралып отырған кезеңдегі әуежай қызметінің жалпы бейнесін ұсына отырып, сипаттамалық болып табылады.

Екінші бөлім қалыптасқан жағдайдың негізгі себептерін ұсынумен 1998-2000 жылдарға қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелерін талдауға арналған.

Үшінші бөлім тікелей әуежай қызметінің өндірістік және қаржылық нәтижелерінің көрсеткіштері бойынша әуежайды дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған жоспарымен таныстырады.

Төртінші бөлім алдағы әуежай қызметінің орта мерзімді кезеңге арналған пысықталған бағыттары мен қабылданған көрсеткіштер туралы жалпы қорытынды болып табылады.

Жоспар мынадай көздердің негізінде жасалған:

Кәсіпорынның 1997-2000 жылдардағы қызметінің қорытындылары туралы е с е п .

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2001 жылғы 22 қаңтардағы N 17-І бұйрығымен бекітілген "АХӘ" РМК 2001 жылға арналған Даму бизнес-жоспары мен Бюджеті.

Әуе тасымалдарының әлемдік және аймақтық рыноктардағы серпіні мен үрдістер мәліметтері (Airbus Industrie Global Market Forecast 2000-2019, 2000 ж ы л д ы ң ш і л д е) .

"Қазақстан Республикасын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2002-2004 жылдарға арналған индикативтік жоспарының параметрлері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 9 маусымдағы N 784 қаулысына қосымша.

I. "АСТАНА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘУЕЖАЙЫ" РМК ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

A. Миссиясы

Астана халықаралық әуежайы - жоғары білікті ұжымы әуе кемелеріне және жолаушыларға үлгілі, қауіпсіз және тұрақты қызмет көрсететін табысты дамып келе жатқан кәсіпорын.

B. Құқықтық мәртебесі

"Астана халықаралық әуежайы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құрудың құқықтық негізі "Астана қаласындағы әуежайды қайта жаңарту және салу жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 29 маусымдағы N 610 қаулысы болып табылады.

"АХӘ" РМК шаруашылық жүргізу құқығы негізінде жұмыс істей отырып, мынадай нормативтік құқықтық кесімдерді негізге алады:

1. Заңды тұлға "Астана халықаралық әуежайы" РМК-ны мемлекеттік тіркеу туралы N 3942-1900-ГП куәлік;
2. Әуежайлық қызметке арналған мемлекеттік лицензия, 30.06.1999 ж. N 182;
3. Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы"

заң күші бар 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 Жарлығы;
4. "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9
шілдедегі Заңы;

5. "Уақытша сызба бойынша Қазақстан Республикасының әуежайларында
халықаралық тасымалдарды ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 23 тамыздағы N 1170 қаулысы .

В. Техникалық сипаттама

1	Қаладан қашықтығы	16 км
2	Басшылық ететін инстанция	Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі
3	Әуежайдың географиялық	51о 01 37о С.Е. к о о р д и н а т т а р ы
4	Есептік температурасы	20,7о С
5	Әуежай коды	4 Е
6	Ұшу-қону жолағының (ҰҚЖ)	3500x45 ө л ш е м і
7	ҰЖҚ бағыты	04/22
8	ҰЖҚ жабыны	асфальбетонды
9	PCN (жабынның беріктігі)	55/F/C/W/T
10	Рульдеу жолы (РЖ)	РД-1, РЖ-3-цементбетонды РД-2-асфальтбетонды
11	Перронның ауданы	75 712м ²
12	Жүк залы	Ж о қ
13	Әкімшілік ғимарат	Жеке орналасқан, 1963 м ²

14	Авариялық қызмет санаты				6
15	Өрт машиналары	3			
16	Авариялық-өртке қарсы пункті		1	438 м	2

Г. Басқарудың ұйымдастырушылық құрылымы

Әуежайдың ұйымдастырушылық құрылымы осы уақытқа дейін әуежай қызметінің ерекшелігі және кезеңнің сыртқы ортасының жағдайлары ескерілген басқарудың сызықты-функционалдық негізінде құрылған болатын.

Осы құрылым негізінен әуежайдың өндірістік қызметі тек ұйымдастыру функцияларын орындайтындығымен, ал басқарудың "штабтық" функциялары (қаржылық басқару, есепке алу және жоспарлау) жоғарғы деңгейде атқарылатындығымен сипатталады.

Пысықталған стратегияны тиімді іске асыру қамтамасыз етілгендіктен нарық талаптары мен шарттарының өзгеруімен бірге қазіргі уақытта әуежай басқарудың дивизионалды құрылымына өтуді жүзеге асыруда. Осы құрылым әуежай қызметін әуежайдың бар қызметтерінің (ішкі шаруашылық есеп айырысуда ауыстыру) және үйлестірушілік функцияларды жүзеге асырушы қолдау дивизиондарының базасында бизнес-бірліктер құру негізінде болжайды.

Қызметтер арасындағы орнатылған өзара байланыстар жүйесінің ажырауының алдын алу мақсатында өту біртіндеп болады. Қазіргі уақытта әуежай қайта жаңарту жолының басында тұр. Рынокты дамыту үрдісін және авиациялық бизнеске қатысушылардың қызмет тәжірибесін ескере отырып (Ресей авиакәсіпорындарын мысалға алғанда), болжанып отырған басқарудың дивизионалдық құрылымына көшуді аяқтау 2004 жылға қалай жүзеге асырылады.

Д. Персонал

Санаттар бойынша еңбек ресурстарының құрамы

Санаттар	!01.01.99 ж. !	01.01.00 ж. !	01.01.01 ж. !	01.07.99 ж.
Жұмысшылар	478	437	455	413
Қызметшілер	297	322	325	331
Басшылар	85	91	95	95

Мамандар	136	148	145	148
Өзгелер	76	83	85	88
Барлығы	775	759	780	744

Білім деңгейі бойынша еңбек ресурстарының құрамы

Білім деңгейі	!	Қызметкерлер саны	!	%
Жоғары	!	205	!	28
оның ішінде		22		11
		авиациялық		
Орта		539		72
Оның ішінде орта		254		47
		арнайы		

II. "Астана халықаралық әуежайы" РМК 1998-2000 жылдарға қаржы-экономикалық дамуын талдау

A. Өндірістік қызмет

1998-2000 жылдарға әуежайдың өндірістік қызметінің даму үрдісі әуежай арқылы қозғалыс көлемінің екі негізгі көрсеткішінің негізінде қаралған: рейстер мен жолаушыларды жөнелту саны.

1) Рейстерді жөнелту саны

Жөнелтілген рейстер саны

(Графикті қағаз мәтіннен қараңыз)

Әуежайдан рейстерді жөнелтуді дамыту үрдісі нақты екі кезеңге бөлінеді: 1999 жыл үшін алдыңғы жыл деңгейімен салыстырғанда 1%-ға төмендеуімен сипатталады, ал 2000 жылы қарама қарсы

үрдіс (9%-ға өсу).

2000 жылы рейстерді жөнелтудің орта тәуліктік көлемі - 11, 1999 ж. - 10.1 және 1998 ж. - 10,2 құрады.

2) Жолаушылар ағыны
 Жөнелтілген жолаушылар саны Жөнелтілген жолаушылар санының көрсеткіші бойынша қозғалыс (Графикті қағаз мәтіннен қараңыз) көлемі де екі кезеңмен сипатталады: 1999 ж. 5% төмендеумен және 2000 жылы 11% өсумен.

2000 жылы жөнелтілген жолаушылардың орташа тәуліктік саны 324, 1999 ж. - 291 және 1998 ж. - 308 құрады.

Негізгі өндірістік көрсеткішті дамытудың екі кезеңдік үрдісінің басты себебі 1998 жылы әуежай арқылы қозғалыс көлемі бойынша, сол жылы Қазақстан Республикасының елордасын Астана қаласына көшіруге байланысты болған көтерілу болып табылады (өсу 1997 жылмен салыстырғанда рейстерді жөнелту бойынша 41% және жолаушы ағыны бойынша 72%). Сондықтан, көрсетілген себепке байланысты 1999 жылы ең жоғары жұмыс көлемінің азаюы көршілес мемлекеттердің қаржы жүйесіндегі дағдарыспен қатар әуежай арқылы қозғалыс көлемінің төмендеуіне ықпал етті.

3) Ұшудың тұрақтылығы мен бағыт-бағдары
 Астана әуежайының жолаушылар ағынының бағыт-бағдары бойынша үлестірілуі, 2000 ж. Бағыт-бағдардың көрсеткішін бағалау үшін жалпы қабылданған салыстырудың негізі ішкі және халықаралық әуе желілері бойынша жолаушылар ағынының бағыт-бағдары болып табылады.

2000 жылы әуежайдан орындалған рейстердің жалпы көлемінен 67% барлық жолаушы ағынының 89% тасымалданған кесте бойынша рейстер құрады.

Әуежайдың жолаушылар тасымалдау рыногының 11% құрайтын тұрақсыз рейстердің құрылымында жолаушылар ағынының көп бөлігі алыс шетелдер мен ТМД елдеріне қызмет көрсетіледі - 69%.

Б. Қызметтің қаржылық көрсеткіштері

(м ы ң т е ң г е)

Кірістер	! 1998 ж.	! 1999 ж.	! 2000 ж.
Операциялық кірістер	633 587,2	794 707,6	1 244 546,3

Жолаушыларға қызмет көрсету	71 620,2	88 471,5	102 078,4
Жүк пен почтаны өңдеу	11 867,9	15 160,2	16 761,2
Ұшу-қонуды қамтамасыз ету	111 330,6	155 272	197 804,7
Әуе кемесіне техникалық қызмет	7 296,5	12 665,4	12 334,9
к ө р с е т у			
Қарсы алуды және шығарып салуды	9 748,3	13 063,4	18 696,1
қ а м т а м а с ы з			
Авиациялық		қауіпсіздікті	
қамтамасыз	16 617,8	23 293,5	28 306,3
е т у			
АвиаЖЖМ қамтамасыз ету	56 674,0	71 987,6	100 032,7
Қосымша қызметтер	45 021,6	45 700,7	66 814,6
Ақылы қызметтер	47 147,4	35 754,2	67 418,8
Мейрамханалар,		кафетерий,	
борт тағам	28 454,5	25 679,2	24 453,1
Қонақ үй қызметтері	8 620,0	7 620,4	6 659,4
Дәрігерлік-санитарлық		бөлімнің	
қызметтері	1 477,4	1 983,9	1 849,5
Материалдық құны:	217 711,0	298 055,6	601 336,6
АвиаЖЖМ	143 672,1	190 159,0	525 009,3
Борт тағам және сауда үшін	51 276,6	38 426,9	38 851,4
а з ы қ - т ү л і к			
Басқа да материалдар	22 762,3	69 469,7	37 475,9
Операциялық емес кірістер	138 933,1	8 327,4	8 151,3
Барлық кірістер	772 520,3	803 035,0	1 252 697,6

Ш ы ғ ы с т а р

Операциялық шығыстар	637 617,4	832 420,1	1 402 098,3
Жалақы	122 355,3	124 148,5	153 456,3
Жалақы қорынан аударымдар	38 541,2	40 327,9	56 577,0
Амортизациялық аударымдар	26 254,2	74 593,2	163 300,3
Коммуналдық қызмет көрсетулер	27 647,6	33 907,6	49 626,2
Жалпы шаруашылық шығыстар	139 102,9	126 560,3	148 483,9
Несиеге пайыздар	50 191,6	154 163,4	188 151,6
Салықтар	27 399,7	21 992,2	41 258,1
Материалдардың құны:	206 124,9	256 727,0	601 244,9
АвиаЖЖМ	143 672,1	190 159,0	525 009,3

Борт тағам және сауда үшін	51 276,6	38 426,9	38 851,4
а з ы қ - т ү л і к			
Басқа да материалдар	11 176,2	28 141,1	37 384,2
Операциялық емес кірістер	122 491,3	102 823,6	139 262,6
Барлық кірістер	760 108,7	935 243,7	1 541 360,9
<hr/>			
Қаржылық нәтиже	12 411,6	-132 208,7	-288 663,3
<hr/>			

1) К і р і с т е р

(Графикті қағаз мәтіннен қараңыз)

Негізгі көрсеткіштер бойынша өндірісті дамытудың оң үрдісі кірістер деңгейі үрдісінің сипатында да байқалды.

1998-2000 жылдардағы қаржылық көрсеткіштер (млн.теңге)

Жиынтық кірістер деңгейінің өсуі 1999 жылы 4% және 2000 жылы 56% к ұ р а д ы .

Әуежайдың жиынтық кірістерінің едәуір бөлігін негізгі қызмет түрлерінен түскен кірістер құрайды, олардың үлесі 1998 ж. 82%, 1999 жылы 86%, 2000 жылы 89% болды. Әуежай арқылы қозғалыс көлемінің ұлғаюынан басқа әуежай кірістерінің өсуінің маңызды себебі әуежайдың шығыстары мен кірістерінде болатын авиациялық отынды тұтыну және құны үлесінің өсуі болып табылады.

АвиаЖЖМ құнының үлесі 1998 ж. әуежайдың жалпы кірістерінде 19%, 1999 жылы - 24% және 2000 ж. - 42% құрады. Авиациялық отын тоннасының орташа бағасы 1998 ж. 195 АҚШ долларын, 1999 ж. 255 АҚШ долларын, 2000 ж. 300 АҚШ долларын құрады (жылдың аяғында 335 АҚШ долларын құрады).

2) Ш ы ғ ы с т а р

Әуежай шығыстарының көрсеткіші бойынша сонымен қатар олардың өсу динамикасы байқалады. Өсу 1999 жылы 23%, 2000 жылы 65% құрады. Кірістерге балама жиынтық шығыстарда едәуір үлесті (1998 жылы - 19%, 1999 жылы - 20%, 2000 жылы - 34%) авиациялық отындар құрайды.

1998-2000 жылдардағы шығыстар көлемінің ұлғаюының басқа да маңызды факторлары мыналар болып табылады:

- үлесі жиынтық шығыстарда 1999 жылы 20% және 2000 жылы 12% (өсуі 1999 жылы - 208%, 2000 жылы - 22%) несиелерге пайыздар болып табылады. Әуежайдың кредиторлық берешегінің құрылымында 01.01.2001 жылы несиелерге пайыз 75% құрады;

- бірқалыпты есептеулердің негізінде жүргізілетін әуежайдың қайта жаңартылған және жана объектілерін теңгерімге қабылдауға байланысты мүлікке салықтың (2000 жылы 144%-ға) және амортизациялық аударымдардың (1999 жылы 184%, 2000 жылы - 120%) көбеюі;

- теңгенің құнсыздануы және сәйкесінше несиелік шарттарды қайта бағалау және аяқталмаған құрылыс айрықша бағамдық айырмаға соқтырды, ол операциялық емес қызметтен келген шығыстардың көбеюінде көрінді (2000 жылы 35% - ға).

3) Қаржылық нәтиже

Жоғарыда аталған себептер бойынша шығыстар көлемінің қаралып отырған кезеңге әуежай қызметінің қаржылық нәтижелер кірістерінің өсу деңгейінен асуының нәтижесінде теріс үрдіспен сипатталады. Шығындар 1999 жылы 132 млн.теңгені, 2000 жылы - 289 млн.теңгені құрады.

В. Алымдар мен тарифтер бәсінің динамикасы

Әуежай табиғи монополия субъектісі болып табылатынына байланысты әуежай қызметтері мемлекет реттейтін және реттемейтін болып бөлінген.

Әуежайдың жиынтық кірістерінің 80% құрайтын мемлекет реттейтін қызметтер, тарифтер мен алымдар бәсі Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі комитетінің 26.12.97 ж. N 17 бұйрығымен бекітілген Жердегі қызмет көрсетуге арналған әуежайлық алымдар мен тарифтер анықтамалығымен айқындалады. Монополияға қарсы нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес бекітілген бәстерге, соның салдарынан тарифтер мен алымдардың орташа нақты мәні белгіленгеннен екі есе төмен болатын бірқатар шегерімдер мен жеңілдіктер (тұрақты ішкі тасымалдарды орындайтын авиакомпаниялар үшін 20% мөлшерінде және (ҚР резиденттері үшін бір АҚШ долларына теңгенің тіркелген бағамы 87,5) қолданылады.

Сонымен қатар қаралып отырған кезеңде АҚШ доллары бағамының өсу үрдісі әуежайлық қызметтерге арналған алымдар мен тарифтерді дамытудың теріс үрдісін айқындады. Теңгенің тіркелген бағамын қолдану салдарынан әуежай тек 2000 жылы 130 млн. теңге сомасына кірістерді толық ала алмады.

Жерде қызмет көрсету үшін тарифтер мен алымдардың динамикасы

А Қ Ш д о л л .

Көрсеткіштердің атауы	Белгіленген тариф		Нақты тариф	
	1998 ж.	1999 ж.	1999 ж.	2000 ж.
Ұшу-қонды қамтамасыз ету	10,0	8,9	7,9	7,5
Авиациялық қамтамасыз ету	1,5	1,3	1,2	1,1
Жолаушыларға қызмет көрсету ¹	9,0	8,2	7,0	6,0

Қарсы	алу - шығарып	салуды			
қамтамасыз ету		2,0	1,8	1,9	1,9
ӘК авиаЖЖМ қамтамасыз ету		41,0	40,0	33,0	33,9
Техникалық	қызмет	көрсетуді			
қамтамасыз ету		5,0	4,4	4,0	3,9
Жүкті өңдеу ²		117,0	123,0	99,0	75,7

1 Жолаушыларға қызмет көрсету үшін тариф (белгіленген және нақты) жолаушыларға халықаралық әуе желілерінде (\$6) және ішкі әуе желілерінде (\$12) қызметтер көрсету үшін тарифтердің орташа мәні ретінде қаралды.

2 Жүкті өңдеу үшін тариф (белгіленген және нақты) жүктерді халықаралық әуе желілерінде (\$71) және ішкі әуе желілерінде (\$78) өңдеу үшін тарифтердің орташа мәні ретінде қаралады және 1999 жылғы желтоқсаннан бастап жүкті өңдеу үшін белгіленген орташа тариф \$74,5 құрайды.

Г. Инвестициялық қызмет

Қаралып отырған кезеңдегі әуежайдың инвестициялық қызметі әуежайдың негізгі капиталының дамуына сыртқы инвестицияларды тартумен және өз қаражатын салумен ұсынылуы мүмкін.

	! 1998 ж. !		! 1999 ж. !		! 2000 ж. !	
	! млн.тг!млн \$!		! млн.тг! млн \$!		! млн.тг!млн \$!	
Негізгі капиталға						
и н в е с т и ц и я л а р						
Өз қаражатынан	141	1,8	15	0,1	93	0,7
Республикалық бюджеттен			1	378	17,7	
Займ қаражатынан:			1	260,6	16,5	
Қаржы	министрлігінің					
к р е д и т і			1	069,6	14,0	
" А с т а н а - Қ а р ж ы "			А А Қ			
к р е д и т і			191	2,5		

Негізгі құралдардың едәуір бөлігінің (80% астамы) тозуына байланысты әуежайдың өз қаражаттары әуежайдың негізгі қорын (арнайы техниканы және жабдықты, электрмен және сумен жабдықтау жүйелері және басқалар) жөндеу және ауыстыру жөніндегі жұмыстардың үлкен көлемін орындауға бағытталды. Теріс қаржы нәтижесінің салдарынан көрсетілген инвестицияларды бөлу

амортизациялық аударулар есебінен жүргізілді.

Республикалық бюджеттің қаражаты әуежай инфрақұрылымының мынадай негізгі объектілерін салуға және қайта жаңғыртуға инвестицияланды: үкімет делегацияларының ғимаратын салуға, ұшу-қону жолағын қайта жаңартуға және арнайы техниканы жаңартуға.

Заем қаражаты әуежай әуевокзалының ғимаратын қайта жаңғыртуға "Астана қаласындағы инфрақұрылымды дамыту және әуежайды қайта жаңарту жобасын қаржыландыру үшін қаражат тарту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 1 сәуірдегі N 278 қаулысына сәйкестартылды :

- "Ақмола Қоры" ЖАҚ 3 жыл ішінде қайтару шартымен 2,5 млн. АҚШ долларын ұсынды, ол 2000 жылы 5 жыл ішінде жылына 9% сыйақы төлем бәсімен өтеу мерзіміне өзгертілген болатын.

- Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі займға қызмет көрсету жөніндегі агент "Астана-Қаржы" ААҚ арқылы 14 млн. АҚШ доллары мөлшерінде кредит ұсынған болатын. Республикалық бюджеттен берілген кредиттерді, сондай-ақ мемлекеттік емес сыртқы заемдар шеңберінде республикалық бюджеттен тартылған, Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар қаражатты қайтару және қайта құрылымдау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның 2001 жылғы 7 маусымдағы шешіміне сәйкес кредиттің сомасы есептелген сыйақы сомасымен бірге "АХӘ" РМК Жарғылық капиталына енгізіледі.

Д. Бюджетпен ара қатынас

Қаралып отырған кезеңдегі әуежайдың мемлекет бюджетімен ара қатынасы екі жақты: кіріс және шығыс бөлімдерімен қарым-қатынас бағыттарында ұсынылып отыр. Екінші бағыт әуежайдың негізгі капиталына республикалық бюджеттен инвестициялар ретінде қаражат бөлумен жүзеге асырылды (мәліметтер алдыңғы тарауда ұсынылған).

Бірінші бағыт әуежайдың мемлекет бюджетіне салықтар мен алымдар (мүлікке, көлікке, жерге салынатын салықтар, қосымша құн салығы, жеке тұлғалардан әлеуметтік және табыс салықтары және басқалар) түрінде жасаған төлемдерімен көрсетіледі.

	Мемлекет бюджетіне төлемдер		
	! 1998 жыл !	! 1999 жыл !	! 2000 жыл !
Салық аударулары - барлығы	98 595	124 530	174 277
Мүлікке салынатын салық	2 306	11 430	32 582
Жерге салынатын салық	25 514	9 087	10 566

Көлікке салынатын салық	412	401	1 158
Қосымша құнға салынатын салық	58 766	70 154	78 400
Жеке тұлғалардан табыс салықтары	11 597	әлеуметтік, 33 458	51 571

Е. Азаматтық авиация саласындағы "Астана халықаралық әуежайы" РМК
 Ү л е с і

1) Рынокқа қатысушылар

Авиа

(4 8)

Қамтамасыз ететін инфрақұрылым:
 к о м п а н и я л а р

- Ә у е ж а й л а р

- Техникалық қызмет көрсету
 б а з а л а р ы

- Қазаэронавигация

2000 жылғы қызметтің нәтижесі бойынша 38 авиакомпания әуежайдың клиенттері (тұтынушылары) болып табылады, оның ішінде 8-і негізгі клиенттер санатына жатады (тұрақты рейстер орындайды): "Эйр Қазақстан" ЖАҚ, "Еуро-Азия Эйр" АҰАҚ, "Бүркіт ЗК" АҚ, "Ертісавиа" АКАҚ, "Саяхат" АҚ, "Целина" АҚ, "Scat" АҚ, "Трансаэро" АҚ ААҚ.

2) Астана қаласы әуежайының рыноктағы негізгі бәсекелестері және үлесі

Қазіргі кезде республикада 20 әуежай қызмет етуде. Астана қаласы әуежайының үлесі екі негізгі көрсеткіш: ұшақ ұшуларының саны - 12% және ұшырылған жолаушылардың саны - 14% бойынша салыстыру негізінде кө р с е т і л і п о т ы р .

"АХӘ" РМК Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласындағы үлесі

(Графикті қағаз мәтіннен қараңыз)

Қазақстан Республикасы Азаматтық авиация комитетінің бағалауына сәйкес аталған көрсеткіштер бойынша Астана әуежайы республика бойынша Алматы әуежайынан кейін екінші орынды алады.

Мәлімет көзі: Қазақстан Республикасы Азаматтық авиация комитетінің мәліметтері, 2001 жыл.

III. "АСТАНА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘУЕЖАЙЫ" РМК 2001-2005 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ ЖОСПАРЫ

А. ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР

Жөнелтілген жолаушылар саны
 (Графикті қағаз мәтіннен қараңыз)

Ұшырылған жолаушылар саны көрсеткіші бойынша өндіріс көлемінің өсу деңгейі төмендегідей болжанып отыр:

- 2001 жылы - 12%
- 2002-2004 жылдарда - жылына 8%
- 2005 жылы - 10%

Жөнелтілген рейстер саны

Ұшырылған рейстер санының

(Графикті қағаз мәтіннен қараңыз)

және өңделген жүк көлемінің

өсуі төмендегідей

жоспарланып отыр:

- 2001 жылы - 12,8%
- 2002-2004 жылдарда - жылына 8%

- 2001 жылы - 10%

Жазылған деректер көрсетіп отырғандай, "АХӘ" РМК өндіріс көрсеткіштерінің 2001 жылы жоспарлы өсуі болжанған дүниежүзілік орташа өсу деңгейінен артық (Boeing және Airbus Industrie болжамдарына сәйкес авиатасымалдар көлемінің жылдық өсу деңгейі 1999-2009 жылдары 5% құрайды)

2001 жылы болжанған дүниежүзілік орташа өсуден артық болатын өсу деңгейіне жету әзірленетін және қабылданған әуежай мен Қазақстан Республикасының авиация саласының даму бағдарламасының негізі мыналар болып табылады:

- бар және ықтимал клиенттерге қатысты "басқыншылық" маркетингті көздейтін, Астана қаласының әуежайына авиакомпанияларды тартудың 2001-2002 жылдарға арналған маркетингтік жоспарын іске асыру;

- Қазақстанның үш түйінді әуежайынан - Астана, Алматы және Атырау қалаларындағы, халықаралық тасымалдарды ұйымдастыруды көздейтін Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясын дамытудың 2001-2003 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және іске асыру;

- Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің бұйрығымен бекітілген, авиация әкімшілігінің және Қазақстан авиация рыногының басқа қатысушыларының белсенді қатысуын көздейтін кәсіпорынды перспективалық дамытудың 2001-2003 жылдарға арналған жоспарының іс-шараларын іске асыру;

- әуежай арқылы тасымалдар көлемін тартуға (2005 жылы өсім - 10%) мүмкіндік тудыратын Жапонияның Халықаралық экономикалық ынтымақтастық қорының (JBIC) заем бағыты бойынша әуежайды қайта жаңарту жобасын іске асыру.

Б. ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІ

1) Кірістер

Т а б ы с к ө л е м і , м л н . т т
"АХӘ" РМК-ның 2001-2005 жылдарда
(Графикті қағаз мәтіннен қараңыз) болжанып отырған кіріс көлемінің динамикасындағы 2001 жылғы шамалы ғана өсім негізінен құны әуежайдың шығыстарында да, кірістерінде де көрсетілген әуежай сатып алатын авиация отыны көлемінің төмендеуіне байланысты.

Мәселен, ағымдағы жылдың I-тоқсанындағы қызмет нәтижелері бойынша әуежай құйылған авиация отынының жалпы көлемінің 43% ғана сатып алды, ал өткен жылғы осындай кезеңде - 90% болатын.

Осы фактор жиынтық кіріс деңгейінің өсуіне себеп болғанмен де әуежайдың үстіміздегі қаржылық жай-күйін біршама дәрежеде қиындатты. Мәселен, 2000 жылы авиа ЖЖМ аталған көлемін қамтамасыз ету әуежайдың айналым қаражатының негізгі бөлігін алуды талап етті және авиакомпаниялардың осы сомаларды төлей алмайтындығына байланысты бір мезгілде дебиторлық берешек с о м а с ы н ы ң ө с у і н е ә к е л д і .

Тиісінше жұмыс капиталы негізгі құрамдас бөліктерінің әуежайдың күнделікті үздіксіз қызметінде қажетті ақша ресурстарының жеткілікті болуына ә с е р і т е р і с е т т і .

Қазіргі уақытта әуе кемелеріне отынды авиакомпаниялар құятындықтан тиісінше әуежай үшін айналым қаражатының едәуір көлемі босатылды және өткен кезеңдердегідей дебиторлық берешек сомасының өсуі (дебиторлық берешектің айналымдылық коэффициенті 2000 жылы 6-дан 2001 жылы 8 дейін өсті) байқалмайды. Сондықтан да авиаЖЖМ сатып алу көлемінің азаюы жиынтық кірістердің артуына мүмкіндік туғызбағанмен, ол әуежай қызметі үшін анағұрлым маңызды факторлар: пайдаланылатын ақша қаражаттарын қамтамасыз етудің және өтеудің жақсаруына себеп болады.

Бұдан әрі әуежайдың жиынтық кірісінің деңгейі 2002 жылы 13% және 2003-2005 жылдарда 17% мөлшерінде өсу үрдісімен сипатталады. Әуежай кірісінің аталған көлемдеріне жету негізінен қаралып отырған кезеңде өндірістік көрсеткіштердің жоспарланып отырған өсуімен қамтамасыз етіледі.

2) Шығыстар

"АХӘ" РМК қаралып отырған кезеңдегі жиынтық шығыстарының үрдісі де екі кезеңмен сипатталады: кірістер көлемінің азаюын да тудырған себеп бойынша (әуе кемелеріне құю үшін сатып алынатын авиаЖЖМ көлемінің азаюы)

олардың көлемінің 2001 жылы төмендеуі және бұдан әрі жобаланып отырған өндіріс көлемінің кеңеюіне байланысты өсуі:

(Графикті қағаз мәтіннен қараңыз)

- 2001 жылы 7,7%
- 2002 жылы 15%
- 2003 жылы 5%
- 2004 жылы 5,6%
- 2005 жылы 28%

"АХӘ" РМК жиынтық шығыстарының жалпы сомасының шамамен 70% тұтас алғанда іске асырылған қызметтердің өзіндік құны құрайды.

3) Таза кіріс (шығын)

Қаржы-экономикалық дамудың алдыңғы көрсеткіштері қаралып отырған кезең ішінде кірістер деңгейінің өсуімен қатар қызметтің теріс қаржылық нәтижесін анықтайтын шығыстар деңгейінің де өсуі байқалып отырғанын бейнелейді. Қаралып отырған кезең ішінде соңғының даму үрдісінде үш кезең а й қ ы н к ө р і н у д е :

(Графикті қағаз мәтіннен қараңыз)

- 2001-2002 жылдарда - ұлғаю
- 2003-2004 жылдарда - азаю

2005 жылы - өсу

Үрдісті анықтайтын факторлар:

- әуежайды қайта жаңғырту жобасы бойынша (2001 жылы және 2005 жылы) балансқа жаңа және қайта жаңғыртылған ғимараттар мен объектілерді қабылдауға байланысты мүлікке салынатын салық сомасының өсуі;

- біркелкі есептеулер негізінде жүргізілетін амортизациялық аударулардың жоғарыда себептер бойынша өсуі;

- әуежай жеріне салынатын салық ставкасы туралы мәселенің шешілмеуіне байланысты (2001-2002 жылдарда) 2000 және 2001 жылдарға жер салығын қ о с ы м ш а т ө л е у ;

- Жапония Халықаралық ынтымақтастық банкінің (JBIC) заем қаражаты есебінен әуежайды қайта жаңарту жобасын іске асыруды бастауға байланысты болжанып отырған 2002 жылдан бастап кредиттер бойынша шығыстардың өсуі.

В. Қызмет көрсетулерге арналған тарифтер мен алымдарды жоспарлау

Әуежайдың қолданылып жүрген алымдар ставкалары мен тарифтер бойынша бәсекеге жарамдығын талдау олардың жақын орналасқан әуежайлар аймағындағы (бұдан әрі - аймақ) халықаралық рейстер мен транзиттік әлеуетіне (Еуропа-Азия) қатысты қолайлы үрдісін түсіндіреді. Осыған байланысты Астана мен Қарағанды қалалары әуежайларының тарифтері халықаралық әуе тасымалдарына қызмет көрсетуге ұсынылған.

	Ұшу-қону	Жолаушылық	ЖЖМ құны а л ы м
А с т а н а	1 0	1 2	3 1 0
Т а ш к е н т	1 3	3 7, 5	3 5 0
Қ а р а ғ а н д ы	1 0	1 2	3 1 0

Жоғарыда ұсынылған мәліметтерге сәйкес бүгінгі күні Астана қаласының әуежайында қолданылатын негізгі алымдар бәстері мен тарифтер аймақта қ о л а й л ы б о л ы п т а б ы л а д ы .

Негізгі тарифтер бойынша бәсекеге жарамдылығына қарамастан әуежай үшін транзиттік әлеуетті тарту Қазақстан әуежайларын транзиттік қону үшін авиакомпаниялардың қолдануына мүмкіндік тудырмайтын ұшу сағатының өзіндік құнының негізгі факторы ретіндегі авиация отынының жоғары бағасына б а й л а н ы с т ы қ и ы н ғ а а й н а л ғ а н .

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес уәкілетті орган (Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі) бекіткен алым бәстері мен тарифтер қызмет көрсету үшін қажетті шығындар құнынан төмен болмауға және табиғи монополия субъектісінің тиімді қызмет етуін қ а м т а м а с ы з е т у ғ е т и і с .

